

ELANTRA





Ерекше назар аудару аймағында.

Шанағы ұзынырақ, қондырмасы төменірек. Мұндай кейіпте оны сен көрген емессің. Тек сен ғана емес. Ерекше әсер қалдыратын автомобиль. Қай жерде жүрсе де. Шапшаң спорттық сұлба, жаңа сүйір пішінді шанақ, fast back стиліндегі пішіндердің геометриялығы — міне, осының барлығы жаңа Elantra бейнесін шынымен әсерлі етеді.



Ұран тасталды.

Параметрлік динамиканың визуалды тұжырымдамасы геометриялық пішіндер мен визуалды сәйкестілік эстетикасына негізделген. Оның негізгі белгілері - шанақтың динамикалық сызықтары, сондай-ақ радиатор торының жаңа пішіні мен құрылымы. Жарықдиодты технологияларды қолдану жаңа Elantra-ның батыл бейнесін толықтырады.

Призмалық беттер

Жаңа Elantra-ның сыртқы түрінің ерекшелігі - автомобиль дизайнына тән емес өткір бұрышты пішіндердің үстемдігі. Призмалық элементтер көлемді баса көрсетіп, жарықтың ерекше сыну әсерін жасай отырып, барлық проекцияларда орын алған.



Байланыста бол.

Жаңа Elantra жүргізушіге сыртқы әлеммен ғана емес, автомобильмен де әрдайым байланыста болуға мүмкіндік беретін ең озық ұтқырлық технологияларымен жабдықталған. Инновациялық сервистер әр сапарыңыз драйв мен жаңа әсерге толы болуы үшін жолдағы жағдайды жақсырақ бақылауға көмектеседі.

Android Auto™ * & Apple CarPlay™ сымсыз қосылымы **

Жаңа Elantra-да автомобильді дербестендіруге арналған бірқатар функциялар бар. Android Auto және Apple CarPlay жүйелеріне сымсыз қосылу мүмкіндіктерінің арқасында жеке контентке тікелей қолжетімділік қамтамасыз етіледі.



* Android Auto™ (Android Auto) – Google Inc. компаниясына тиесілі сауда белгісі.

** Apple CarPlay™ (Apple CarPlay) – Apple Inc. компаниясына тиесілі сауда белгісі.

Bluetooth арқылы көп қосылым

Бір уақытта екі құрылғыны Bluetooth арқылы қосуға мүмкіндік береді.

Сымсыз зарядтау құрылғысы

Смартфонды зарядтау үшін оны зарядтау алаңына қою жеткілікті.





Сезімдеріңді басқар.

Жаңа Elantra салоны өзіне стиль мен функционалдылықты үйлесімді біріктіреді. Кіріктірілген интерфейс жүргізушінің айналасында ыңғайлы орналастырылған. Орындықтарды қаптау үшін арнайы, асыл құрылымы бар жаңа материал қолданылады. Жоғарғы нұсқада есік карталары ақшыл түсті терімен және меланж матамен өңделген. Интерьерлік жарықтандыру ерекше атмосфера жасайды.

Толықтай цифрлық аспаптық тақта

Диагоналі 10,25 дюйм болатын екі түсті дисплей бір-біріне жақын орналасқан және тұтас кеңістік жасайды. Осының арқасында жүргізушіге панорамалық кескін қолжетімді. Экрандар көлбеу орнатылған, бұл ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді және басқару тақтасына технологиялық көрініс береді.

Bose премиумдық аудио жүйесі

8 Нi-Fi динамиктері төменгі жиіліктерден жоғары жиіліктерге дейін толық дыбыс спектрін қамтиды және ең жақсы дыбыстық реңктерді жеткізе алады. Дыбыс деңгейі қозғалыс жылдамдығына бейімделеді.





Қыс тез өте шығады.

Жаңа Elantra жергілікті климатқа жақсы бейімделген. Ең қатты суық терезенің сыртында қалады, ал салон әрдайым жүргізуші мен жолаушылар үшін жылы әрі жайлы болады.

Руль бүкіл диаметрі бойынша жылытылады. Алдыңғы орындықтарды үш сатылы жылыту жылу қарқындылығын икемді түрде реттеуге және сапар барысында оңтайлы температураны сақтауға мүмкіндік береді.

Бүріккіштерді жылыту

Бүріккіштерді жылыту шыны тазалағыштар щеткаларының үздіксіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Рульді жылыту

Рульді ұстап, бұру тіпті қатты аязда да көңіліңізге оңынан келеді.

Орындықтарды жылыту

Жаңа Elantra-да жолаушы болу — нағыз рахат. Алдыңғы қатарда да және артқы қатарда да. Алдыңғы орындықтарды үш сатылы жылыту жыл мезгілі мен сапар ұзақтығына қарамастан жайлылықты қамтамасыз етеді.

Климат-бақылау

Ауа-райын өзгерте алмайсың, ал ауа температурасын жаңа Elantra-да реттеуге болады. Өзіңе ыңғайлап, басқару тұтқасын бір рет тұрту арқылы. Екі зоналық климат-бақылау жүргізуші мен жолаушы үшін берілген параметрлерді жеке қолдайды.



Hyundai SmartSense



Солға бұрылған кезде қарсы қозғалысты басқару функциясы бар (FCA-JT) алдыңғы кедергі алдындағы автоматты тежеу жүйесі (FCA)

Егер алда келе жатқан көлік құралының жылдамдығы күрт төмендей бастаса, сондай-ақ жаяу жүргіншімен немесе тұраққа қойылған автомобильмен соқтығысу қаупі туындаса, жүргізушіге қауіп туралы ескертеді. Егер ескертуден кейін қауіптілік деңгейі арта берсе, шұғыл тежеу режимі автоматты түрде қосылады. Шұғыл тежеу сол жаққа бұрылғанда қарсы бағытта келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі бар жағдайда да іске қосылуы мүмкін.



Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі (BCW)

Радарларға негізделген жүйе соқыр аймақтарды бақылауда ұстайды. Жақын жерде көлік құралдарын анықтағаннан кейін, жүйе Сіз тіпті соқыр аймақтарды бақылап отырмасаңыз да, сол аймақтардағы жол жағдайы туралы білуіңіз үшін визуалды және дыбыстық ескерту сигналдарын береді.



Круз-бақылау

Жүргізуші белгілеген жылдамдықты сақтайды.



Көлік кептелісінде қозғалыс көмекшісі бар интеллектуалды круз-бақылау (SCC)

Алда келе жатқан көлік құралына дейін берілген жылдамдық пен қашықтықты сақтайды. Қысқа уақытқа тоқтаған кезде қозғалысты автоматты түрде қайта бастайды.



Автомобильді қозғалыс жолағының ортасында ұстау жүйесі (LFA)

Жол белгілерін бақылайды және жүргізушіге автомобильді қозғалыс жолағында ұстауға көмектеседі. Жол жолағына шыққан кезде бүйірлік соқтығысуды болдырмау жүйесі

Алға қадам.

Жаңа Elantra керемет басқарылады, жолды жақсы ұстайды және маневр жасау кезінде тұрақты.

Осының барлығы Hyundai-дың соңғы әзірлемелерінің бірі — үшінші буын платформасының арқасында. Үнемді қозғалтқышпен бірге ол динамика мен жүргізу жеңілдігін қамтамасыз етеді.

Бензин қозғалтқышы
2.0 MPI

150 Максималды қуаты
(6 200 айн/мин кезінде а.к.)

191 Максималды сәт
(4 500 айн/мин кезінде Нм)

Бензин қозғалтқышы
1.6 MPI

128 Максималды қуаты
(6 300 айн/мин кезінде а.к.)

154,6 Максималды сәт
(4 850 айн/мин кезінде Нм)



Жабдық.



15-дюймдік болат дөңгелек
дискілері мен қақпақтары

16-дюймдік жеңіл
балқығыш дискілер

17-дюймдік жеңіл
балқығыш дискілер



Жарықдиодты алдыңғы фаралар



Қара радиатор торы



Диагонали 10,25" цифрлық бақылау тақтасы



Артқы жарықдиодты құрамдастырылған шамдар



Сыртқы айналарды бүктеуге арналған электр
жетегі



Автоматты ұстау режимі бар электронды тұрақ
тежегіші (EPB)



Былғарымен қапталған салон

Түстер.

Салон



Бір түсті қара




Бір түсті сұр



Бір түсті сұр + сарғыш орындықтар



Шанақ



Техникалық сипаттамалары.

Түрі		1.6 MPI	2.0 MPI	
Қозғалтқыштар	Қозғалтқыш түрі	Бензинді, үлестірілген бүркуі бар		
	Көлемі, см ³	1 591	1 999	
	Максималды қуаты*, айн/мин кезінде а.к.	128 / 6 300	150 / 6 200	
	Максималды сәт*, айн/мин кезінде Нм	154,6 / 4 850	191 / 4 500	
Аспа	Алдыңғы	Тәуелсіз, серіппелері мен көлденең тұрақтылық тұрақтандырғышы бар McPherson тіреуіштері		
	Артқы	Жартылай тәуелді, серіппелі, амортизаторлары бар		
Тежеу механизмдері	Алдыңғы	Дискілік Ø280 мм (15"), Ø305 мм (16")		
	Артқы	Дискілік Ø262 мм (14"), Ø284 (15")		
Динамикалық сипаттамалары	Трансмиссия түрі	БАБАҚ		
	Жетек түрі	Алдыңғы		
Шиналар мен дискілер	Шиналар	195/65R15; 205/55R16; 225/45R17		
	Дискілер	6,0J x 15; 6,5J x 16; 7,0J x 17		
Жүксалғыш	Көлемі, л (SAE / VDA)	402 / 474		
Экологиялық сипаттамалары	Отын шығыны, л/100 км (БҰҰ ЕЭК № 83 ережесі)	Қалалық цикл	9,4	10,0
		Қаладан тыс цикл	5,5	5,3
		Аралас цикл	6,9	7,0
	Экологиялық класс	5 (бесінші)		
	CO2** бөлуі, г/км	Қалалық цикл	217	226
		Қаладан тыс цикл	127	121
Аралас цикл		160	159	
Салмағы	Жарақталған салмағы, кг, min-max	1 285 – 1 355	1 305 – 1 375	
	Толық салмағы, кг	1 750	1 770	
	Тежегіштермен жабдықталмаған сүйретілетін тіркеменің салмағы, кг	610	610	
	Тежегіштермен жабдықталған сүйретілетін тіркеменің салмағы, кг	1 200	1 300	

* Қозғалтқыштың максималды қуаты мен максималды айналу сәтінің мәндері сынақтар әдістемесіне сәйкес келтірілген (БҰҰ ЕЭК № 85 ережесі)

** Отын шығынының және CO2 бөлінетін массаның көрсеткіштері сынақ әдістемелеріне сәйкес ұсынылған (БҰҰ ЕЭК № 83 және 101 ережелері)

Өлшем бірліктері: мм, дөңгелекаралық қашықтық 15" дискілердің диаметріне қарай есептеледі. Жақшадағы мән 17" диаметріне байланысты есептеледі.



Дөңгелекаралық қашықтық 1 593 (1 579)
Габаритті ені 1 825



Өсаралық қашықтық 2 720
Габаритті ұзындығы 4 650

Габариттік биіктігі

1 430



МДөңгелекаралық қашықтық 1 604 (1 590)
Габаритті ені 1 825



Бір отбасы — көп ар-тықшылықтар.



Hyundai Finance

СІЗДЕРГЕ HYUNDAI FINANCE БАҒДАРЛАМАСЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ҚУАНА ҰСЫНАМЫЗ

HYUNDAI клиенттері үшін Серіктес Банктермен бірлесіп арнайы әзірленген. Кез келген Hyundai автосалонына келіңіз, кез келген банктің менеджерінен кеңес алыңыз және шарттары Сізді таңғалдырады! Егер Сіз жүрілген автомобиль сатып алғыңыз келсе, онда біздің Серіктес Банктер Сізге Hyundai клиенттері үшін арнайы әзірленген түрлі бағдарламалар бойынша кредит рәсімдеуге көмектеседі.



Сервис

ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР СІЗГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОР-ЛЫҚПЕН!

Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өз клиенттеріне жақын болуға ұмтылады. Сондықтан біз әрқашан сіздердің қауіпсіздіктеріңіз туралы ойлаймыз. Біздің сіздерге деген қамқорлығымыз - жолда келіпкен қауіпсіз қозғалудың кепілі. Сіздердің назарларыңызға қалаларыңыздағы барлық Hyundai ресми Дилерлік орталықтарында Before Service бағдарламасын ұсынамыз. Before Service бағдарламасы автомобильді кешенді профилактикалық байқауды кедергісіз және қауіпсіз, ең бастысы тегін жүргізуге мүмкіндік береді.



Кепілдік

ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.

Дайындаушының кепілдігі Сервистік кітапшада келтірілген Hyundai автомобильіне кепілдік шарттарына сәйкес келетін ақаулық туындаған жағдайда, осы ақаулықтың сипаты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Автомобильді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына байланысты автомобильді жөндеу орнына өз жүрісімен жеткізуге мүмкіндік бермеген жағдайда ғана автомобильді ең жақын HYUNDAI ресми Дилеріне жеткізуге (эвакуациялауға) қолданылады.



Жеңілдікпен кредиттеу

ОТАНДЫҚ АВТОӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Сіз Отандық автоөндірісті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын пайдалана аласыз және ең төменгі бастапқы жарнасы автомобиль құнының небәрі 10%-ын құрайтын 7 жылға жылдық 4% мөлшерлеменен жаңа Hyundai сатып алуға кредитті рәсімдей аласыз!



Trade in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық HYUNDAI дилерлік орталықтарында «TRADE-IN» тиімді бағдарламасы бастау алады. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобилінді жаңа Hyundai автомобильіне айырбаста. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша тұтынушыларды қолдау қызметі 24/7 қолжетімді

Дилер туралы ақпарат

HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN


Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы

www.hyundai.com

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center

Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007

Мобильді қолданба жүктеу үшін қолжетімді:



Бұл кітапша басып шығару кезінде дұрыс болды. Алайда, Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы жарияланымда сипатталған модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жиынтықталым элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жиынтықталымдарының үйлесімі олар нақты болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.